

атқармақпыз. Кез келген мемлекетінде ертеңі еңселі, болашағы баянды болуы жастардың тағдырының дұрыс қалыптасуына байланысты. Сол себепті оқушылар бойында тек қана білімділік емес сонымен қатар елін, жерін сүю, патриот болу қасиеттері қалыптасуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Н.Назарбаев Қазақстан - 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы, Білім, 1997. 176б.

2.«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы /Бас. ред. Ә.Нысанбаев. Алматы, «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 1999. 720б

3.Иманбаева С.Т. Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми–педагогикалық негіздері. Пед.ғыл.док....дис.автореф. Алматы,2007

4.Н.Назарбаевтың Қазақстан халқының әл – ауқатын арттыру мемлекеттік саясатының басты мақсаты атты Қазақстан халқына жолдауы//Егемен Қазақстан, 27. 01. 2011 ж.

**Жаксылық А.Р.,** Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік Университеті, шет тілдер факультеті, КА-32 тобының студенті  
(*Ғылыми жетекші - шетел филологиясы кафедрасының аға оқытушысы Ысқақнаби Адал*)

## ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖЕҢІЛ ӘДІСТЕР

*Қытай өте дамыған мемлекет, әлемдегі екінші экономика. Технологиялық жетістіктері таңғалдырмай қоймайды. Бұл елдегі бизнес- қауымдастықтың таза еңбегі. Олармен жеке жүздескен Мемлекет басшысы: Әсіресе инновациялық және ғылыми-техникалық даму саласында байланыстарға баса мән беру керек.*

*Қасым-Жомарт Тоқаев*

Әлемдік нарықтық экономикада өз орнын ойып алған Қытай Халық Республикасы қазірде екінші орынды алады. Үздіксіз экономикасы өркендеп жатқан,көрші мемлекеттің тілін үйренбеске болмас. Соңғы жылдары көпшіліктің қытай тілін үйренуге деген қызығушылықтары артып келеді. Қазақстандағы жоғары оқу орындары ағылшын тілімен қытай тілі қоса оқытылуда. Ең алғаш қытай тілі кафедрасы 1989 жылы Қазақ ұлттық университетінде ашылды. Академик Е.А. Букетов Қарағанды Мемлекеттік университетінде 2002 жылдан бастап, қытай тілі жүйелі түрде мамандарды дайындап жатыр. Елімізде 2007 жылдан бастап Конфуций институттар желісі Қазақстанның көптеген қалаларында өз бөлімшелерін ашты. Конфуций оқу орталығынан білім алған шәкірттер Қытай Халық Республикасында білім ала алады. Сонымен қатар мемлекеттік емес жоғары оқу орындарында да студенттерді белсенді дайындау жүйелі қарастырылған.

Қазақстанда Қытай тілін үйрену маңызды. Әлемдегі нарықтық экономикада оның ішінде еліміз Қытай елімен сауда байланысында жоғары орында тұр. Қытай тілін меңгеруіміз әлемдік бәсекеге қабілетті ел болудың бір көрінісі десекте болады.

Қытай тілі әлемдегі ешбір тілге ұқсамайтын үйренуге қиын тілдердің бірі. Әр иероглиф бір таңба болғандықтан, оларды жаттауға, есте сақтауға, жазудағы заңдылықтарын сақтай отырып иероглифтарды игеруге тырысу керек. Одан бөлек ауызша сөйлеуде тондарды, дауыс ырғағын дұрыс қоя алу өте маңызды. Сонда ғана Қытай тілін үйрене аламыз. Сонымен қатар тағы бір маңызды нәрсе, ол иероглифтардың мағынасында. Бір иероглиф жалғыз тұрғанда басқа мағына берсе, тағыда бір иероглифпен қосылса, басқа мағынаға ауысып кетеді. Мысалы 大家[da jia]- «бірге» деген мағына білдірсе, 家[jia] сөзі жалғыз тұрғанда «отбасы» деген мағынаны білдіреді.

Қазіргі таңда Қазақстандық Жоғары оқу орындары «Жаңа тәжірибелік Қытай оқырманы» кітабымен сабақ жүргізеді. Кітап 2007 жылы Пекин Тілі және Мәдениеті университетінің баспасында, Қытай тілін үйренудің ең жеңіл әдістерімен өңделіп шыққан. Бұл оқулықты барлық жоғары оқу орындары пайдаланады. Кітап 5 деңгейге бөлініп жасалған. Бұл кітап тілді жеңіл үйренуге көп көмектеседі. Әрине қиын тілді меңгеру ауыр болғандықтан, үйренудің жеңіл тәсілдерінбасқада әдістермен қарастырып көруге болады.

Жаттауға қиын деген қытай иероглифтарының ең оңай тәсілдеріне шолу жасап көрелік. Иероглифтарды тез жаттаудың бір әдісі Сөзді бейнесіне ұқсастыру арқылы жаттау. Төмендегі суреттегі сөздерге қарасаңыз уақыт өте келе иероглифтардың өзгергенін көресіз.

日гі –күн

目 mu-көз  
 木 mu- ағаш  
 山 shan- тау  
 馬 ma- жылқы  
 刀 dao- пышак  
 魚 yu- балық  
 門 men-есік




Бұл суреттегі иероглифтарды көре отырып, суреттегі бейнелергеназар салсаңыз, иероглифтарды жаттау сізге оңай болады. Негізі барлық иероглифтардың осындай шығу тарихы бар. Тек олар уақыт өте келе өзгеріске ұшыраған.

Қытай тілін үйренудің келесі бір жеңіл әдістерінің бірі таяқшалар және кілт сөздер арқылы жаңа сөздерді жаттау деп аталады. Қытай жазуы 32 таяқшадан тұрады. Бұл таяқшалар сөздердің жазылу заңдылықтарында қолданады. Егер сіз сөздердің жазылуын рет-ретімен жаттасаңыз сөздерді жаттау сізге оңай соғады және сөздерді жазуда қателеспейтін боласыз. Ал кілт сөздер иероглифтің басты бөлігі яғни, белгілі бір жер-су, өсімдік, әйел, ер, және т.б атауларына байланысты қосымша бөліктер болады. Бұл бөліктерді білсеңіз сөздің мағынасын дәлме-дәл білмесеңізде сөздерге диагноз жасай аласыз.

Иероглифтарды жаттауда өте қызықты тағыда мынадай әдісті пайдалануға болады. Алдымен иероглифтерді визуалды түрде жаттап, оны ауада колмен салсаңыз, кез-келген орында тез әрі жеңіл жаттай аласыз. Осылайша сөздерді есте сақтауға болады. Бұл үшін қолайлы уақыт, арнайы орын керек емес.

Қытай тілінде сөйлеу өнері өте жақсы дамыған. Әр сөзді айтқанда байқау керек, себебі сөздердің мағынасы өзгеріп кетуі мүмкін. Бір қызығы Қытай тілінде 4 тон бар. Олар бірқалыпты, жоғары, төменнен-жоғары, қысқа болып дыбысталады. Бірінші кезекте тондармен жұмыс жасауды қолға алу керек. Бір жарым миллиард адам сөйлейтін тілдің үндерін айту қиынға соғуы мүмкін. Бірақ мұны оларда үйреніп жүр емес пе?! Төмендегі суреттен тондардың қалай дыбысталатынын көре аласыз.



Қазақстан Республикасы егемендікке қол жеткізгеннен бастап, дербес мемлекетке айналғаны рас. Еліміздің саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуы артты. Сол себепті қытай тілін жетік меңгеру және білім мен ғылымның барлық саласында білікті болу жаңғырған мемлекетіміздің көрсеткіші, даму жолындағы қажетті құбылыс болмақ.

П.В.Сысоевтың айтуынша, «тілде халықтың рухы, оның ұлттық сипаты бар», тіл ұрпақтар арасындағы дәнекер қызметін атқарады. Тіл — қарым-қатынас және тұлғаны дамыту құралы. Бізге ең қасиетті ереже — тіл айтайын деген ойды жеткізу құралы. Яғни белгілі ой-тұжырым тіл құралдары арқылы іске асырылады. Шетел тілін білудің ана тілін білуден айырмашылығы бар. Сондықтан барынша барлық әдістерді қолдана отырып, тілді тез үйренуге тырысу керек.

Қытай тілінде сөйлеуді қалаған адам барынша үйренудің жеңіл әдіс-тәсілдерін пайдаланған дұрыс. Дегенмен, барлық нәрсе еңбекпен келетінін ұмытпаған дұрыс. Оның ішінде заман ағымына байланысты интернет технологияларды пайдалану өте маңызды. Бұл әдіс оқушының тілді жеңіл үйреніп алуына көмектеседі.

Компьютер, мобильді қосымшалар, әлеуметтік желілер тілді үйреніп жатқан ел туралы кең мәліметтер бере алады. Сонымен қатар, оқушыға шетел тілінің түрлі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық т.б. ерекшеліктерін көрсетеді, үйренуші мектептен-тыс жерде де заманауи құралдар арқылы шетел тілін оқуды жалғастыра алады, үйренушінің өз бетімен жұмыс істеу біліктілігін арттырады, компьютерді қолдану оқу-тәрбие үрдісіндегі музыкалық, түр-түстік, сандық, ойындық т.б. мәліметтерді жеңіл шешуге қолайлы жағдай тудырады.

Қытай тілін үйренуде интернет технологиясы шетел тілінің сөздерін дұрыс тыңдауға, сөздерді жеке-жеке бөлуге, сөздердің жазылуы мен айтылуын қатар салыстыруға мүмкіндік береді. Сөздердің айтылуын тыңдау мен микрофонды қолдану фонетикалық дағдыларды қалыптастыруға жағдай туғызады.

Әрбағдарламада белгіленген тапсырмаларды орындау тіл үйренуге деген ниетті, ықыласты тудырады. Қазіргі кезде Жоғары оқу орындарында немесе оқу мекемелерінен тыс жеке жұмыс жасауда интернет технологияларының ішінде ютуб желісі кеңінен танымал. Жас буын караоке мен бейнежазбаларды көріп, тілдерін қытай тіліне жаттықтыра алады. Қытай тілін үйренудің тағы бір жеңіл жолдарының бірі, мобильді қосымшалар арқылы тілді үйрену. Мысалы Trainchinese қосымшасы өте қолайлы танымал қосымшалар қатарына кіреді. Артықшылығы мұнда сөздерді барлық мағыналарына қарай аударуға болады, сөздерді жазылуына қарай таяқшаларды ретімен жазып үйренуге мүмкіншілік бар. Мен айтқан осы тәсілдерді пайдалана отырып, қытайшы тез ірі жеңіл үйрене аласыз. Тек сізге табандылықпен сабыр керек болады.

Қорытындылай келе, Қытай тілін үйрену қиын болғанымен, әлемдегі ешбір тілге ұқсамайтын қасиетке ие екендігін айтқым келеді. Қызметтен келген саласында белгілі бір жетістікке жеткісі келген адам ағылшын тілімен қатар Қытай тілінде үйренуі маңызды деп ойлаймын. Біздің ел бәсекеге қабілетті, 30 елдің қатарына кіреді деп сенемін. Ол үшін үшін біз жастарға тіл үйренуде жалқаулық танытпауымыз керек.

Елі үшін жасалған әрбір игі іс адамды еңбекқор етіп, адалдыққа тәрбиелейді, Отан алдындағы парызыңды өтеу ел үшін жасалған қажымас қайратпен еңбектің арқасында келетіні анық. Жанаруға ұмтылу біздің санамыздың ісімізден озып келе жатқандығын көрсетеді. Мағжан атамыз айтқандай, әр қазақтың төрт тілді жетік меңгеруге шамасы жетеді. Сол үшінде қытайша үйрену бізге артықтық етпейді деп ойлаймын. Өмір сүру үшін іздене керек. Ізденіс адамның оқыға деген ықыласын арттырады, жақсы өмір сүруге қадам жасайды. Біз жастар еліміздің ертеңі болуға тырысайық!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://khabar.kz/kk/syuzhetter/item/115389-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kytaj-khalyk-respublikasyna-eki-kundik-memlekettik-sapary-bastaldy>
2. <https://www.kitaist.info/kursy/ieroglify/ieroglif/23478.html>
3. New practical chinese reader 新实用汉语课本 2007 Пекин тілі және мәдениеті баспасы.